



Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 18 (7960) 17 мамыр, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru

*Пікір

Қазақстанның экономикалық бағдары

Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында мемлекет басшысы әлеуметтік-экономикалық бағыттарды қамтыған бірнеше өзекті мәселелерді шешу қажеттігін баса айтқан болатын.

Президент жолдауда экономикалық серпіліс жасауға еліміздің толық мүмкіндігі бар екендігін ескеріп, біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өту жолдарын нақтылап берді. «Әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік жаңа экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналады» – деді Қ.Тоқаев. Жолдауда қойылған міндеттердің бәрі үш жылдың ішінде орындалуға тиіс, ал аса күрделі міндеттерді жүзеге асыру үшін нақты мерзім бекітіледі. Басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Ол үшін өңдеу саласын жедел дамытуды іске асыру қажеттігін баса көрсету қажет. Экономиканы өртараптандыру аса маңызды міндетке айналып, металды терең өңдеу, мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жөн деген Президент нұсқауы әбден орынды деп білемін.

Еліміздің туристік әлуетін де пайдалану керек деп айтылған жолдауда. Туризм осындай серпінді жобалар қатарында болуға тиіс. Президенттің кемінде 15 ірі жобадан тұратын нақты тізім дайындалуы керек дегені де реформаның өмірлендігін көрсетеді. Бұл жаңа өнеркәсіп саясаты арқылы жанаша даму жолын ұстануды меңзейді. Сонымен бірге, мемлекет ірі кәсіпорындармен бірлесіп, өндірістің барлық сатысы өз елімізде болуы керек екендігі баса айтылды.

Сонымен бірге, Президент агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасау. Оның әлуетін бірақ қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырғанымызды көрсетіп, нақты міндеттерді атап, алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізуіміз керектігіне тоқталып өтті.

Мемлекет басшысы Жолдауда өңдеуші және тау-кен өнеркәсібі, қорғаныс-өнеркәсіп кешені, ауыл шаруашылығы, энергетика, көлік-логистика, қаржы, IT және цифрландыру, су ресурстары, креативті индустрияны дамыту, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау жөнінде Үкіметке нақты міндеттер жүктеді. Сондай-ақ, мемлекеттің экономикаға ықпалын азайтуға, экономиканы монополиядан арылтуға, макроэкономикалық саясатты қайта қарауға, салық, бюджет саясатын және әкімшілік басқару жүйесін реформалауға қатысты бірқатар маңызды бастама көтерді.

Х.Нұрмағанбетов,
Ақтоғай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

*Мереке мезіреті

Жеңісті жақындатқан жанкешті еңбек

Қазақ халқының Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі зор. Соғыстың ауыртпалығын көтеріп, бостандықты қорғаған қазақстандық батырлардың есімі әрқашан ел есінде сақталады. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап «Бар-

адамдар қамтамасыз еткен.

9 мамыр – Жеңіс күніне орай аудан әкімі Руслан Кенжебеков бірқатар тыл және еңбек ардагерлерін қабылдады. Кездесуде аудан басшысы аға-буын өкілдері мен тыл еңбеккерлерінің ерен еңбектері үшін

Ер азаматтар қан майданда Отан үшін жан пиданда етсе, елдегі қарттар, әйелдер мен балалар бел жазбай еңбек етіп, жеңісті жақындатуға көмектесті. Еңкейген кәріден бастап, балалық шағын қанқұйлы соғыс ұрлаған жастардың төккен тері, сіңірген



лығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Тыл еңбеккерлерінің де жауды жеңудегі рөлі жоғары. Олар соғыс күндерінің барлық ауыртпалықтарын қажырлылықпен көтеріп, патриотизм үлгісін танытып, жеңісті жақындатуда жанкешті еңбек етті. Яғни, майданды азық-түлікпен, шикізатпен іс жүзінде әйелдер, балалар мен қарт

«Жеңіс күні» мерекесімен құттықтады.

– Биыл Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 79 жыл. Сол бір өмір үшін кескілескен шайқастардың тарихы алыстағанымен, Отан үшін от кешкен батырлардың көрсеткен ерліктері мен қаһармандығы ешқашан ұмыт қалмақ емес. Осы аралықта қаншама тарих дөңгелегі айналса да бейбіт күнді өз қолдарымен алып берген майдангерлердің ерлігі ескірмей, оларды ардақтау жалғаса бермек.

еңбегі қаншама, – деп сөз сабақтаған аудан басшысы мерекенің мән-маңызына тоқталды.

Мұнан соң «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблінің өнерпаздары әннен шашу-шашып, мерекелік көңіл-күй сыйлады. 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесіне арналған жарқын кездесу соңында аудан басшысы барша ардагерлерге сый-сыяпат табыс етіп, естелік суретке түсті.

Думан Бақышев.



AQTOĞAI AJARY

2024 жылдың II жартыжылдығына жазылыңыз!

Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!

aktogai_red@mail.ru

Aktogai_ajary

www.facebook.com/a.ajary.kz

Газетке «Қазпошта» аудандық, ауылдық бөлімшелері және Kaspi GOLD арқылы жазылуға болады.
Тел: 8-708-547-43-03 Kaspi GOLD

Жеке жазылушылар үшін индексі – 65031,
6 айға – 2457,30 теңге.
Мекеме, ұжымдар үшін индексі – 15031,
6 айға – 2957,28 теңге.

Біздің мекен-жайымыз:
Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.
Анықтама телефондары:
2-18-81, 2-15-39.

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні, ИИН мен мекен-жайы көрсетіліп, төлемнің скрин-нұсқасын жіберу керек.



Күркіреп күндей, өтті ғой соғыс...

Жеңіс күні – Қазақстан халқы үшін айтулы мереке. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде миллиондаған қазақстандық неміс фашизміне қарсы күресте жан алысып, жан беріскеніне тарих куә. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің сол жылдардағы ерен еңбегі – бүгінгі жастардың мәңгілік есінде.

9 мамыр күні Ұлы Жеңіс мерекесінің 79 жылдығына арналған мерекелік шара аудан орталығы Ақтоғай ауылындағы «Батырлар» және «Тарих тағылымы» саябақтарында аталып өтті. Шараға аудан әкімі Руслан Кенжебеков, Ақтоғай ауылының әкімі Думан Ұлтқысеев, ардагерлер және аудан тұрғындары қатысып, соғыста қаза болғандарға арнап саябақтағы ескерткіштер алдына салтанатты түрде гүл шоқтарын қойды. Жиналғандар майдан даласында қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Мерекелік жиында аудан әкімі Руслан Айтықұлы жұртшылықты өшпес ерлік пен өлшеусіз данқтың мерекесі, Ұлы Жеңіс күні – бейбіт өмірді сыйлаған ардагерлеріміз бен тыл еңбеккерлерінің қажымас қайраты мен қайсар рухына тағзым ететін кастерлі күн, Ұлы Жеңістің 79 жылдығымен құттықтады.

– 9 мамыр баршамыз үшін ерекше күн. Бұл күн – аза тұтып, зұлмат жылдардың зардабын еске алатын кез. Соғыстың салқыны тимеген отбасы жоқ шығар. Әр шаңырақ қасірет тартқан заман ардақты ардагерлеріміздің батырлығымен артта қалды. Халқымыздың рухы мен



ауызбіршілігінің арқасында еліміз бейбіт өмірге қадам басып, өркендеп келеді. Құрметті ардагерлер! Жаугершілік замандағы ерліктеріңіз бен бейбіт кезеңдегі ерен еңбектеріңіз үшін, даналықтарыңыз бен белсенді азаматтық ұстанымдарыңыз үшін сіздерге мың тағзым. Тыл еңбеккерлеріне, соғыс балаларына айтар алғысымыз көп. Басымыздан бақ, шаңырағымыздан шаттық

кетпесін, – деді өз сөзінде аудан басшысы.

Ақтоғай өңірінен 3 мыңға тарта сарбаз Отанын қорғауға аттанды. Отты жылдарда от кешкен көптеген жерлестеріміз майдан мен партизан отрядтарында болып, фашистік қасапта қаза тапқан 27 миллион кеңес азаматы қатарында құрбан болды. Толық емес деректер бойынша олардың 1200-і майдан даласында көз жұмыпты. 586-сы хабарсыз кеткен. Кейінгі деректерде осы алапаттағы қырғын кезінде 257 сарбаздың мүрдесі шетелде қалғаны анықталған. Әлі де болса талай боздақ туралы соны деректер табылуы мүмкін.

Дархан еліміздің данқына данқ қосқан жерлестеріміз – Қазыбек Нұржанов пен Нұркен Әбдіровтың Кеңес Одағы Батыры атағын алуы – ақтоғайлықтар үшін үлкен мәртебе. Қырғыннан 433 ардагер елге оралды. Олардың 218-і мемлекеттік жоғарғы ордендермен, 115-і медальдармен марапатталған.

Сонымен қатар бұл күні аудан әкімі Р.Кенжебеков және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықовпен бірге ауданымыздағы бірқатар тыл және еңбек ардагерлерінің үйіне барып, мерекемен құттықтап, сый-сияпат табыстады.

Думан Аманкелдіұлы,
Ақтоғай ауылы.

Бүлдіршіндер байқауы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті бір Жолдауында «Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскекең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз» деп ерекше атап өткен болатын. Сондықтан ел көлемінде түрлі деңгейдегі шаралар ұйымдастырылып келеді.

Шашубай кенті Мәдениет үйінің қызметкерлерінің ұйытқы болуымен 4 сәуір күні «Халықаралық халықтар бірлігі күніне» орай «Сүйкімді Ханшайым» байқауы өтті. Сонымен қатар жетінші мамыр «Отан қорғаушылар күні» мерекесіне арналған «Мықты Ханзада» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 8-10 жас аралығындағы бүлдіршіндер қатысты. Байқаудың мақсаты ел ертеңі өскекең ұрпақтың бойындағы шығармашылыққа деген талпынысын арттыру, оларды дамуына қолдау көрсету.

Сондай-ақ, жас жеткіншектерге рухани

байлығымызды дәріптеу, ұлттық тәлім тәрбиені жастардың бойына сіңіре отырып, эстетикалық сана түйсігінің терең қалыптасуына, ізгілік пен адамгершілікке баулу.

Байқау жалпы төрт кезеңнен тұрды. Жарыстың бірінші кезеңінде қатысушылар өзін-өзі таныстырса, екінші кезеңде білім-біліктілігі сынға түсті. Сонымен бірге қолдан жасалған қол өнерлерін ортаға салды. Байқаудың төртінші кезеңі бойынша ұлдардың спорттық сайыстан шымырлығы сыналса, қыз балалар тағам жасау бойынша сайысты. Қазылар алқасы әділ бағаларын беріп өз шешімін тауып «Сүйкімді Ханшайым-2024» байқауындағы сайыстың бірінші орынын Тұяқбай Арай жеңіп алды. 2-орын Маратхан Айзереге бұйырса, 3-орынды Галай Ангелина иеленді.

Ал, «Мықты Ханзада-2024» байқауында мықтылықтарын танытқан ұландар арасында Темірғалы Иманғалының мерейі үстем болды. Екінші орынды Тәңірберген Бағжан еншілесе, үшінші орынды Дамият Нұрасыл місе тұтты.

Б.Ербекеева,
«Жеңіс» клуб үйінің
менгерушісі,
Шашубай кенті.

Таза
Қазақстан
Экологиялық акция

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа арнаған Жолдауында қоршаған ортаны қорғау және экологиялық дамудың еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе екенін баса айтқан болатын.

«Тазалық – иманның жартысы» дейді дана халқымыз. Қазақ халқы о бастан-ақ тазалыққа баса мән беріп, ұрпағына да осыны өсиеттеген. Бабаларымыз көшпенді өмір сүрсе де, өмір сүру салтында тазалықты бірінші орынға қойғаны белгілі.

Осы ретте Президент тамсырмасына орай 8 сәуірден бастап Елімізде табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған «Таза Қазақстан» республикалық акциясы басталған

болатын. Экологиялық науқанға 17 облыс пен 3 қаланың тұрғындары жаппай қатысып, туған жерін, тұрған аумағын таза ұстауға үлес қосуда. «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» деп 5 аптаны айырықша атауларға бөліп, қоршаған ортаға қажетті жұмыстарды нақтылаған ауқымды акцияға қызыларайлықтарда

Бұлақ көрсең, көзін аш



үн қосты.

Бұл турасында ауыл әкімі Серікбол Спанов:– Ауданда жыл сайын көктемгі және күзгі көріктендіру және көгеріштендіру, санитарлық тазалық екі айлығы жарияланып, осы айлық аясында жұмыстар атқарылып келеді. Арнайы сенбіліктер де ұйымдастырылып, онда аудан басшысынан бастап,

қатардағы қызметкерге дейін тазалық жұмыстарына қатысып, ағаш көшетерін егуге атсалысады. Бұл әрине, қоғам тарапынан құптарлық жұмыс. Ауыл гүлдесе, бәріміз гүлденеміз. Сайып келгенде, табалдырықтан басталған тазалық өзін тұратын ауылың мен көшенің таза болуының кепілі. «Таза Қазақстан» республикалық акция аясында ауыл арасындағы күл, қоқыстар тазалынып, тұрмыстық қатты қалдықтар тиісті орынға шығарылды. Бұл мақсатта ауыл азаматы, жеке кәсіпкер Ержан Нұртазинның техникалары жұмылдырылды. Халқымызда «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген жақсы бір тәмсіл бар. Аталған акцияның «Мөлдір бұлақ» апталығы негізінде «Жаман бұлақ», «Ақжарық» су қоймасы және Әмірхан қыстауының жанындағы «Шампан бұлақ» маңайына тазалық жұмыстары жүргізілді. Тіршілік нәрін құрметтеу, оны таза ұстау тұрғындардың өздері үшін де ауадай қажет. Су қаталаған кезде шөлінді ғана қандырып қоймай, ауаны тазартатын, аптап ыстықта айналасына ылғалдылық сыйлайтын ерекше қасиетке ие. Одан бөлек жауынды күндері елдімекендер мен жолдарды су басудан сақтайтын да осы өзен мен арық, - дейді.

Ұрпақты тәрбиелеу үшін ең алдымен өзімізді тәрбиелеуіміз керек. Айналаны таза ұстап, қоршаған ортаға құрметпен қарасақ, тазалыққа жаны жақын ұрпақ қалыптасатыны ақиқат. Рас, «балапан ұяда нәні көрсе, ұшқанда соны іледі».

Думан ҚАБЫЛ,
Қызыларай ауылы.

Кез келген оркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр.

Түсіндірме жұмыстары жүргізілді

2015 жылдың 18 қарашасында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы қабылданып, онда



сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының тікелей міндеті екендігі атап көрсетілді. Заңның басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу болып табылады.

Осы мақсатта Ақтоғай ауылы әкімінің аппаратында жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі салалық бағдарлама аясында жұмыстар атқарылуда.

Атап айтқанда, аппарат қызметкерлері қолданыстағы заңнамаларда көзделген шектеулердің қатаң сақталуын қамтамасыз етіп келеді. Сонымен

қатар сыбайлас жемқорлықтың кез-келген фактісі төтенше жағдай ретінде қаралып, аппарат қызметкерлері арасында түсіндірме жұмыстары, құқықтық оқытулар жүргізіліп қатаң бақылауға алынған.

Мамыр айының 16 жұлдызында Ақтоғай ауылында сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстарды болдырмау және алдын алу мақсатында ауыл тұрғындарына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мұнан соң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар көрсетілген баннерлер ілініп, аталған тақырыпқа сәйкес ауыл тұрғындарына ұнпарақтар таратылды.

Ақтоғай ауылы бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа қарсы күрес бағытында тұрғындарға көрінетін жерлерге яғни дүкендерге, мемлекеттік мекемелерге жадынамалар ілінген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жетілдіру мақсатында жеке және заңды тұлғалардың өз мұқтаждары мен көзқарасын білдіргісі келген жағдайда ауыл әкімінің жеке мәселелермен қабылдайтындығы туралы ақпарат жергілікті әлеуметтік желілерде жарияланған. «Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі» аппаратының көрнекі жерінде ілініп, «Азаматтар мен заңды тұлғалар өтініштерін қабылдау» жөшігі орнатылған. Сенім телефоны, интернет желісінде ауыл әкімі аппараты арнайы фейсбук, инстаграмм парақшасы жұмыс жасайды. Жеке және заңды тұлғалардан түскен өтініштерге уақытылы жауап беріледі.

С.Макаева,
Ақтоғай ауылы әкімі аппаратының бас маманы.

Ақсақал жол көрсетсе, жастар адаспайды



Сыбайлас жемқорлық-ел экономикасы артқан сайын, етек алып, тамырын жайып жатқан, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Бұл тақырып тұрғысында өткізіліп отырған іс-әрекеттер өзінің оң нәтижесін көрсету үшін баршамамыз аянбай еңбек етіп, өз үлесімізді қосумыз қажет. Егер де «сыбайлас жемқорлықты-ел қасіреті» деп танысақ, онда ол-біздің және болашақ ұрпақтың дамуына кері әсерін тигізуші фактор деп айтуымызға болады. Шындығында осы келенсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні сөзсіз.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заң жобасының қабылданғаннан бері көптеген заңға қайшы іс-әрекеттер анықталып, тамыры тереңдемей тұрған уақытта алдын алу шаралары жүргізілді. Міне, осындай шаралар біздің Қызыларай жалпы білім беретін орта мектебінде де үнемі ұйымдастырылып, оқушыларға өз құқығы, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары туралы түрлі дәрістер уақытылы оқытылып, нағыз елжанды ұрпақ тәрбиелеу жұмыстарын жоғары деңгейде өткізіп отырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әрбір азаматтың парызы және әр жеке тұлға белсенді азаматтық ұстанымда болуы қажет. Осы орайда, Қызыларай ЖББ мектебінде жас жеткіншектер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез құлықты дәріптеу мақсатында ауыл ақсақалы Сатыбалды Шәкіровтің қатысуымен кездесу өтті. Өскелең ұрпақ санасында жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, білім алушыларға қоғам дертіне қарсы күрес туралы құқықтық мағлұмат берілді. Өз кезегінде ардагер С.Шәкіров жастармен адалдық, туған жерге, елге деген отансүйгіштік қасиет турасында келелі сұхбат өрбітті. Сондай-ақ, адам бойындағы күш-жігері мен білімін жақсылыққа, игі мақсатқа жұмсауы керектігі жөнінде ой-пікірін айтып, ғибратты әңгімелерді алға тартты.

Әділдік, шынайылық, адалдық азайып, оңай олжаға кенелушілердің белен алып тұрған уақытында бұл індетпен күресушілер қатары да аз деп айта алмаймыз. Еліміздің әділеттілік орнаған қоғамға айналуын қалаған әрбір жалынды жастың жүрегінде өшпестей оты барда бұл індеттен түбегейлі айығамыз деп сенемін.

А.Жақсыбекова,
Қызыларай жалпы білім беретін орта мектебінің мұғалімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Golden sky" /Голден-Скай/ ЖШС жоспарланған қызметінің бастамашысы "Еңбекші" кен орнындағы тау-кен жұмыстарының жоспары" жобасы бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінімге материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Әзірлеуші: "РД Инжиниринг" ЖШС. Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қусак а.о., Еңбекші кен орны, географиялық координаттары: 48°33' с.е., 76°21' ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 25 маусымда сағат 15:00-де, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қусак а.о., Қошқар ауылы, Мәдениет көшесі, 15 («Береке» клубы) мекенжайы бойынша өтеді. Zoom платформасында тыңдауға қатысу үшін Онлайн қосылу. Конференция идентификаторы: 443 047 0160. Кіру коды: 250624.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайттарда танысуға болады <https://ecportal.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat> "қоғамдық тыңдаулар" бөлімдерінде. Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты электрондық мекенжай бойынша сұратуға болады: rde.kz@mail.ru және тел: 8(7212) 41-20-21.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады <https://ecportal.kz/>, сондай-ақ "Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ мына мекенжайлар бойынша: expertiza.upr_krg@mail.ru Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20, тел: 8 (7212) 56-81-66.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Инициатор намечаемой деятельности ТОО «Golden sky» /Голден-Скай/ объявляет о проведении общественных слушаний по материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие по проекту «План горных работ на месторождении «Еңбекші». Разработчик: ТОО «РД Инжиниринг». Территория воздействия: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Қусакский с.о., месторождение Еңбекші, географические координаты: 48°33' с.ш., 76°21' в.д.

Общественные слушания состоятся: 25 июня 2024 года в 15:00, по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Қусакский с.о., с. Кошқар, ул. Мадениет, 15 (клуб «Береке»). Онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom. Идентификатор конференции: 443 047 0160. Код доступа: 250624.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайтах <https://ecportal.kz> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat> в разделах «Общественные слушания». Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по электронному адресу: rde.kz@mail.ru и тел: 8(7212) 41-20-21.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: expertiza.upr_krg@mail.ru и г. Караганда, ул. Лободы, 20, тел: 8 (7212) 56-81-66.

Құрмет құрметті адамға ғана жарасады

Бірге жүрген кезінде көбіне адамның тұлғалық қасиетін түсіне бермейсің. Мен білетін Әміртай аға өр де, ерен. Ешқашан біреудің сыртынан сөйлемейді. Кездескен жерде-ақ бетіңе бірақ айтып тастайды. Ойын іркіп қалу деген ағаға жат қылық. Қазақша айтқанда «талағы тарыс айырылса да», тап сол жерде шындықты айтып салады. Ешкімнен қаймықпайды, жәй адам ба, мансап иесі ме бәрібір. Ал, мұндай адам жалпыға бірдей ұнай бермейтіні бесенеден белгілі. «Адамды адам атынан айыратын жалғыз нәрсе – дүние қуу» – деген екен Мұса Жәлел. Дүние қумақ түгілі, дүниеге назар аудармаған бір жан болса ол Әміртай Біләлұлы. Әміртай ағамен алғаш таныстығым 1994 жылы басталды. Ол кезде ұмытпасам Тоқырауын аудандық мәслихатының хатшысы. Мен де Ақтоғай аудандық мәслихатының депутатымын. Сенаторларды сайлауға облыс орталығы Жезқазғанға баратынбыз. 1997 жылы Тоқырауын ауданы біздің ауданға қосылды да, таныстық силастыққа ұласты. Кейін әріптес болдық, мен Тораңғалық елді мекеніне, ол кісі Шашубай кентіне әкім болып сайланды. Зейнеткерлікке кетсе де байланысымыз үзілген жоқ.

Кейіпкеріміз осы өңірден, 1948 жылы ауданымызға қарасты бүгінгі Нарманбет (Қарабұлақ) елді мекенінде дүниеге келген. Еңсегей бойлы ел ағасының «Желден жүйрік желаяқ» болғанын біреу білсе, біреу білмес. Жеңіл атлетикадан Қарағанды облыстық құрама қатарына енген. Әу баста баскетбол спортының қыр-сырына ден қойып жүрген Әміртай Біләлұлын 7-сынып оқып жүргенде сыртынан көрген спорттағы ұстазы жанын қоймай жүріп жеңіл атлетикаға, оның ішінде жүгіру секциясына қабылдаған екен. Нәтижесінде жаман болмапты. 600 –м, 800м, 1000м қашықтықтарда Әміртай ағамыз Балқаш қаласы бойынша алдына қара салмай және осы қашықтықта облыс бойынша екінші бірі болып, бірнеше жыл жүлдегер атанған екен. Спорттың осы аталмыш түрінен Қазақстан республикалық спартакиадасына қатысып, қазақтың хас жүйрігі Әмен Тұяқов пен бірге жаттықанын мақтаныш сезімімен есіне алады.

1971 жылы Қарағанды педагогикалық институтын «Сызу және сурет» пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шығады. Аталмыш оқу орны жолдамасымен сол кездегі Никольск, кейінгі Сәтбаев қаласындағы № 14 мектепке жұмысқа жіберіледі. Жаңалыққа жаны құштар жас маман бірден ел көзіне ілігіп 1973 жылы Жезқазған облыс болып құрылғанда облыстық комсомол комитеті аппаратына сектор меңгерушісі лауазымына шақырылады. Осы жылы Совет Одағы бойынша 25 адамнан делегация жасақталып, сол құрамда Куба еліне «Туризмге жол ашу» бағытында тәжірибе алмасып қайтады. Жылға жетпей өзі еңбек жолын бастаған Никольск қалалық комсомол комитетінің хатшылығына тағайындалады. 1977 жылы жаңадан ашылған Приозерный ауданына саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі міндетін қолына алады. Ағаның еңбек жолына назар аударсаңыз жаңа ашылған, жаңа құрылған орындарға жіберіліп отырған. Бұлда тегін таңдау емес шығар. Кеңестік кезеңнің керемет бір саясаты, қолынан іс келетін кадрды үнемі көтермелеп, қолдап отырды, еңбегін де мейлінше бағалады. 1979 жылы тағы да партияның жұмсауымен орта мектеп-

интернатының директорлығына жіберіледі. Мұнда да тағылымды ұстаныммен, өнегелі тәрбиені қоса өрбітіп, білім ошағын алдыңғы сапқа алып шығады.

Әміртай Біләлұлының өзекті мәселелерді шешуде білікті маман, білгір азамат екенініне анық көз жеткізген аудан басшысы 1983 жылы жабылудың аз-ақ алдында тұрған № 7 кәсіптік-техникалық училищенің директоры лауазымына бекітеді. Кент Балқаш көлінің жағалауында орналасқандықтан училищеде



негізінен кеме жөндеушілер, кеме жүргізушілер, сондай ақ, балық өндіру ісіне қатысты маман-дар даярланатын. Жиырмадан астам оқушылары бар, керісінше ұстаздар саны екі есе көп бұл оқу орнын да аяғынан тік тұрғызу оңайлыққа соқпады. Қажымас қайраттылық, ерен еңбек бұл сыннан да мүдірмей алып шықты. Республика бойынша ол кездерде мұндай училищелер Атырау, Шығыс Қазақстан өңірінде ғана болатын.Өз ісіне білек сыбана кіріскен білікті басшы, Ленинград, Астрахан, Мәскеу шаһарларына дейін өзі барып оқу орнының базасын нығайтуға күш салды, және бір жылдан кейін арнайы Ленинградтан тіктіріп алғызыған флоттық формада жүзге тарта шәкірттері Шашубай кентінде мерекелік шеруге қатысады. Оқушылар санын 300-ге жеткізіп, жауапты тапсырманың жетістіктеріне енді көз жеткізе берген де тағы да сол бірінші басшының бұйрығымен аудандық кеңес төрағасының орынбасары орынтағына отырады. Халық депутаттары аудандық кеңес төрағасы, кейіннен мәслихат хатшысы міндеттерін абыроймен атқарып кент халқының құрметіне бөленді. Сондай-ақ, «Балқашбалық» АҚ-да ет өнімдері бойынша директор, кейіннен флот бастығы, яғни, жағалаудағы кемелер қожайыны болды. Бағамдап қарасақ Әміртай Біләлұлының саналы өмір жолы, яғни қызметті жіпке тізген кезеңі кеңес өкіметі тұсында өтіпті. Сол өкіметіміздің уралап қалыптасуын көрмесекте, шарықтап шыңға жақындаған сәттерінің бізде куәгерлеріміз. Әміртай аға өткен пионер, комсомол, партия сапында біз де сол жолдан өттік. Ол мектептің өзіндік үйретер тағылымы мол еді. Сол уақыттың жасының да, кәрісінің де

ішкі этикасы берік сақталған еді.

Егемендік алдық, бөркімізді аспанға аттық, совхоздар түгілі аудандар тарап аймақтар аласапыран күйді бастан кешіп жатқанда, елді мекендер жарықсыз, жылусыз қалды.Кент тұрғындарының басым көпшілігі өзге ұлт өкілдерінен болғандықтан үдере көшу басталды.Көп қабатты үйлер қаңырап бос қалды. «Ел ерге қарайды, ер жерге қарайды», – деген өлара шақ. Елді «мен» басқарам деп білек сыбана кіріскен біраз жігіттер ашынған халықтың айғай-шуына шыдай алмай тастай қашты. «Ел ағасыз болмайды, көл сағасыз болмайды, көйлек жағасыз болмайды» – деген қазақ емеспіз бе? Жұрт таңдауы Жұманбаевқа түсті. Көпшілік ұйғарым жасаса, сенім артып отырса неге шегіну керек, істі өз қолына алды. Содан 1999 жылдан бастап 2013 жылға дейін, яғни зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін Шашубай кентінің әкімі болып кенттің өсіп-өркендеуіне орасан зор үлес қосты. Жекешелендірудің жымысқы саясаты қазақтың айрандай ұйып отырған ауылдарының ғана астан-кестеңін шығарып қана қоймай, кент, кішігірім қалаларымызға дейін қаңыратты ғой. Өтпелі кезеңде кенттегі электр жарығы, жылу қазандықтары, ауыз су, шаруашылыққа қажетті су желілерінің жеке меншікке өтіп кетуінен, және кентте мамандандырылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын бөлімшесінің болмауынан жарық сөніп, су құбырлары жарылып, көп қабатты үйлер дерлік жылусыз қалды. Халқы сенім артқан соң осы қиын істердің басы-қасында өзі жүріп, өзекті мәселенің түйінін де шеше білді.

Өзінің білім парасатына сенім артқан Әміртай Біләлұлы қаншама қиындықтар кезіксе де еңсере білді. Ақыры жоғарыда аталған халыққа қызмет көрсету салаларын меншік қолынан тартқандай қылып алып, мемлекеттік коммуналдық меншікке қайтарады.Одан кейінде жүйе, желілерді ауыстыру, жылу қазандықтарын жаңарту, қоныстағы көп қабатты үйлерді қалпына келтіру сынды жұмыстар бір толастаған емес.Кент қалаға тақау, әмбе Балқаш көлі жағасында орналасқандықтан туризм саласын дамытуға күш салу, шағын және орта бизнеске қолдау, көше жолдарына асфальт тө-сеу, жарықтандыру, сынды мәселелер күн тәртібінен түскен емес. Әкім болғандағын халқына жақын болғандағын ел біледі, көп әріптестерінен басқару, ұйымдастыру қабілеттерімен ерекшеленіп, оқ бойы озық жүргені де аян.

Оқу-ағарту ісінің үздігі, Тәуелсіздіктің 20 жылдығы, Қазақстан мәслихаттарының 20 және 25 жылдығы медальдары, ДОСААФ ұйымының құрмет белгілерімен марапатталған. Сондай ақ Президент, облыс және аудан әкімдерінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарын алған.Ісі мен сөзінің арасында алшақтық болмаған Әміртай Біләлұлының өмірі мен өнегесі қоса өрілген адам. Әміртай Біләлұлының халқы үшін жасаған адал қызметін ескерер болсақ осындай азаматтар ауданның «Құрметі азаматтығына» сұранып-ақ тұр. Келешекте осы ұсынысымызды құзырлы орындар ескерсе деген сұранысымыз бар. Бұл күнде кенттің қадірлі қарияларына айналған Әміртай ағамен Бибіғалима жеңгемізге онға тарта немеренің маңдайларынан иіскеу бақыты бұйырып отыр.

Қазыбек Ештанаев.
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



Бюджет

Нүркен ауылдық округінде «Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына 6 салық түрінен 23 млн 188 мың теңге түсімдер түскен. Оның ішінде табыс салығы-90 000 (тоқсан) мың теңге, меншікті салық түрлерінен-2 млн 133 мың теңге түскен. 23 млн 924 теңге табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін түсті.

Оның – 4 млн. 998 теңге көлемінде елді мекеннің ішкі көшесіне КТП орнатылды. Әкімшілік сыртын жаңарту жұмыстарына 10 млн 952,0 қарастырылған. Мердігермен келісім-шарт жасалып, жұмыс басталды. Әкімшілік ғимаратының шатырын ауыстыру үшін 11 млн 220 мың қаржы бөлінді.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» толығымен кеңейтілген аумақта ауыл халқының ұжым-бірлігі жараса отырып, жасалды.

Аграрлық сектор

Аграрлық сектор аудан экономикасының көшбасшысы саналады. Саланы дамытуға мейлінше жағдай жасалуда. «Малдың жайын баққан біледі» де-



гендей, ауылдағы шаруашылықтың өркендеуі шаруалардың өнімді еңбегінің нәтижесінде болмақ. Ауыл-шаруашылығы бағыты бойынша ірі қара – 8585 бас, оның ішінде аналығы – 4116 бас. Қой, ешкі – 10843 бас, аналығы – 6046 бас. Жылқы – 4409 бас, аналығы – 2274 бас. 2022 жылмен салыстырғанда жылқы саны 17%. Ірі қара 18%, қой-ешкі саны 15% - ға өскен. Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық-санитариялық өңдеуді қамтамасыз етудің маңызы зор. Мал басын бірдейдендіру, барлық ветеринариялық-санитариялық және профилактикалық іс-шаралар орындалуда. Ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаппай жаңарту – өзекті мәселе. Осыны ескерген мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен отырысында ауыл шаруашылығына айрықша тоқталып, әсіресе ауыл шаруашылығы техникаларының 80 пайызы тозғандығын, сондықтан жыл



Бірлік, тұрақтылық, келісімді ту еткен Нүркен ауылдық округінде ел есінде қалатын ауқымды істер атқарылып жатыр. Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі – тұрғындардың тұрмыс деңгейін, өмір сүру сапасын арттыру. Бұл ретте ауылдағы көшелер жарықтандырылып, жолдар асфальтталып, қай салада болмасын жемісті жұмыстар көш бастап тұр.

сайын жаңартып тұруды қолға алуды айтты. Президенттің тапсырмасы бойынша ауылшаруашылығы техникаларын жаңарту мақсатында округке қарасты шаруа қожалығының жетекшілері 9 дана ауылшаруашылық техникаларын алды.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттырып, тұқымдық түрлендіруге 16 шаруа

қожалық 1035 бас ірі қара аналық қатысты.

Сондай-ақ, ауылды көркейту, ауыл кәсіпкерлігін дамыту ел экономикасын дамытудың бір жолы бомақ. Осы ретте ауыл шаруашылығын аяғынан тік тұрғызуға айтарлықтай жұмыстар жасалды. Мемлекет ауыл кәсіпкерлерін, жеке кәсіпкерлерді қолдауға көңіл бөлуде. Ауыл халқының табысын арттыру мақсатында «Жамбыл жобасы» бойынша жалпы 9 адам құжат тапсырған. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы «Бизнес бастау» жобасы бойынша 1 адам оқып оның ішінен Қуанышбеков Бауыржан 1 300 000 тг көлемінде грант ұтып алған. Аудан жастары арасында кәсіпкерлікті дамыту мақсатында аудан әкімінің грантын Рақат Қасиет 1000000 теңге көлемінде наубайхана ашу жобасы бойынша ұтып алған.

Мәдениет

Мәдениет – ұлт өмірінің айнасы,

болатын. Қазіргі кезде жол бойын көтеру жұмысы жасалуда. Ауыл деп жаны ашыған ауыл азаматтарына алғысымызды айта отырып, туған жерінің болашағына үлес қосқан ауыл азаматтарының арқасында, еліміздің болашағы зор екенін сезінесін.

Жоспарлар мен міндеттер

Ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту және ауылдардың инфрақұрылымын дамыту – жергілікті билік алдындағы басты мақсат. Аудан көлемінде ауқымды жобалар жүзеге асуда. Өз кезегінде Нүркен ауылдық округінде де биыл бұл округте де атқарылатын шаруалар баршылық. Ауылды абаттандыру және санитарлық жағдайы жергілікті билік жұмысының маңызды бөлігі болып табылады. Ауыл тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында бірнеше сенбіліктер ұйымдастырылып, елді мекендерді құл-қоқыстан тазарту, иесіз қалған тұрғын үйлердің қоршауын



ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан халықтың рухани келбеті, мейірімі мен парасат-пайымы. «Мәдениет – елдің ең басты рухани байлығы, асыл мұрасы. Қай елдің мәдениеті мықты дамыса, сол елдің еңсесі де биік болады», – деген сөздің жаны бар. Бүгінгі таңда округ аумағында ауылдық клуб үйі, ауылдық кітапхана, тұрғындарға тұрақты қызмет етіп тұр.

Биылғы жылы барлық мемлекеттік мерекелер толығымен аталып келеді. Атаулы күн, мерекелік іс-шаралар әлеуметтік желілерге ұдайы жарияланып келеді.

Ауыл күнін өткізу 3 тамыз айына ауыл жанашырларының көмегімен 50 жылдық мерей тойын өткізу жұмыстары жоспарланған. Бүгінде ауыл тұрғындарымен жасалып бекіген жоспар негізінде бірқатар жұмыстар басталды. Соның бірі ауылымыздан шыққан өнерлі тұлғалар өз өнерлерін көрсету және спорттық шаралар өткізу. Соның бірі Ибрахимов Манарбек 7 мамыр күні шығармашылық концертін өткізді.

7-9 мамыр күндері ауылымыздың 50 жылдық мерей тойына арналған 50 жастан асқан ардагер спортшылар арасында волейболдан ашық турнирі өткізілді.

Ауылымыздың кіре берісін кеңейтіп «Шопан ата» ескерткіші маңайын кеңейту, көріктендіру жұмыстары

қалпына келтіріп жаңартылды.

Үстіміздегі жылдың соңына дейінгі жоспарланған жұмыстарға тоқталсақ. Жалпы 2024 жыл «Тәуелділіктің 10 жылдығына арналған саябаққа» балалар спорт алаңын салу жоспарланып отыр. Бүгінде 4 млн. 987 теңге бөлінді. Оның ішіне тарта 3 млн.



714 теңге ойнатылды. Парк ішінде көше жарығы орнатуға 4 млн. 100 теңге қарастырылған. Әкімшілік ішіне санузел орнатуға 1 млн. 850 тг бөлінді. Және жылдағы көшет отырғызу, абаттандыру жұмыстарына 110 000 теңге жұмсалып 20 алма ағашы, гүл көшеттері отырғызылды.

Ж.Құдайбергенов,
Нүркен ауылдық округінің әкімі.

Батырын ұлықтаған ел

Мамыр айының 8 күні Қызыларай ауылында интернационалист-жауынгер, «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері, жерлесіміз Серікбай Оразалинды еске түсіруге арналған тоспа доптан XIX аудандық турнир болып өтті. Ерлер командалары арасында ұйымдастырылған дәстүрлі доп додасына жалпы 12 команда қатысып, біріншілік кубогын сарапқа салды.

Елінің тыныштығын қорғау жолында ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, Отан үшін отқа түскен батырларымыздың қай-қайсысын болса да

дәріптеуге әбден лайық.

Сондай батырларымыздың бірі – Отан алдындағы патриоттық парызын орындап, Ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан интернационалист-жауынгер, қызыларайлық жерлесіміз Серікбай Оразалин. Жыл сайын батырдың есімін ұрпақ жадында мәңгі қалдыру мақсатында тоспа доптан турнир тұрақты өткізіліп келеді.



Батыр ұлдарын ұлықтау мақсатында ұйымдастырып отырған тоспадоп бәсекесі осымен 18 мәрте өз байрағын желбіретті. Ақсораңның атымтайы атанған кәсіпкер, жерлесіміз Серік Қасымбековтің демеушілігімен аядай ауылдың шағын шаршы алаңынан бастау алған батыр атындағы турнир, бүгінде облыстық мәртебеге жетіп, кей жылдары тіптен облыс аясынан шығып, көршілес аймақ командалары қатысып келеді. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Осы тұста туған ауылының әлеуметтік, рухани дамуына қашанда сүбелі үлесін қосып, игі бастамалардың басынан табылып келе жатқан турнирдің бас демеушісі Серік Қасымбековтың есімін ерекше атап өткен жөн.

Алдымен жиылған халық таңертең орталық алаңға шаралардың ашылу салтанатына жиналды. Әнұранмен ашылған шара құрметті қонақтардың батырды еске алып, спортшыларға сәттілік тілеген жүрекжарды лебіздеріне ұласты. Ауылдық округ әкімі Серікбол Спанов жиналған жұртшылықты құттықтап, тоспа доп

тарландары асыға күтетін С.Оразалин атындағы турнирінің бүгінде аймағымыздағы шоқтығы биік бәсекелердің бірі екендігін атап өтті.

Мұнан соң жиналған қауым ауыл орталығында орналасқан «Жеңіс» саябағына барып, ондағы майдангерлерге қойылған мемориалдық тақтаға гүл шоқтарын қойып, ауыл молласы аруақтарға құран бағыштады.

Салтанатты жиын мектеп оқушылары мен ауыл өнерпаздарының 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік концертіне ұласты.

Бұл уақытта бір күн бойына ауылды спорт мерекесіне бөлеген тоспа доп турниры мектеп спортзалында басталып жатты.

Турнирдің алғашқы айналымынан-ақ кездесулер өте тартысты да шиеленісті өтті. Турнирдің кілең мықтылары арасында өткен бәсекеде «Алаш Қасабай» командасы спортшыларының асығы алшысынан түсіп, бәсекелестерінен бағы асып, жеңіс тұғырына көтерілді. Сөйтіп, турнир қорытындысы бойынша жүлделі 1 орынды «Алаш Қасабай» командасы, 2 орынды «Нүркен» командасы, 3 орынды «Ақсораң» командасы иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер ұйымдастырушылар тарапынан дипломмен марапатталып, қомақты қаржылай сыйлықтар табысталды.

Кешкілік орталық алаңға жиналған халық ауыл өнерпаздарының 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 79 жылдығына арналған мерекелік концертті тамашалады.

Думан ҚАБЫЛ,
Қызыларай ауылы.

05 қазан 2022 жылы Азирова Рымтай қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ө.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен жайына хабарласуына болады. Тел. 8-705-832-83-06

Манакова Гульшат Калибековна



Құрметті әріптес, аяулы ана, асыл жар Манакова Гульшат Калибековна 2024 жылдың 30 наурызында сұм ажал ортамыздан алып кетті.

Гульшат Калибековна Алматы облысы, Кенжарық ауылында 1942 жылы дүниеге келген.

1965 жылы Қарағанды медицина институтын емдеу факультетін тәмамдап, 1995 жылы Ақтоғай аудандық ауруханасына дәрігер-гинеколог мамандығы бойынша 30 жыл уақыт бір орында тапжылмай еңбек жасады.

Еңбек жолында қаншама бала жарық дүниеге келген, аман-есен туғызып, кіндік шеше атанған ақ халатты абзал жан.

Қандайда қиын қыстау жағдайда, тыныс-тіршілігі табиғаттың құбылмалы мінезімен қоса өзгеріп тұратын ауыл өмірінің ортасында халыққа қызмет көрсетуден жалықпаған, өз ісінің шебер маманы, ұжымдағы ұзақ жылдар ішінде медицина саласында талғампаз, тиянақты, өзгелерге үлгі бола білген жаны жайсаң жан, жауапкершілікпен міндетін атқаратын білікті маман ретінде білеміз.

1995-1999 жылдар аралығында Талдықорған облысының Сарқан аудандық ауруханасында дәрігер-гинеколог мамандығы бойынша қызметін жалғастырып, 1999 жылдан құрметті еңбек демалысына шыққан, зейнеткер.

Гинеколог дәрігеріміздің халыққа жасаған ұшан - теңіз еңбегіне біз алғысымызды білдіре отырып еске алып жатсақ, сол уақытта-ақ лайықты бағасын беріп, мемлекеттік наградалармен марапатталған екен.

Медицина саласында көп жылғы мінсіз қызметі үшін СССР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйырғымен берілген «СССР денсаулық саласының үздігі» төсбелгісі, «Еңбек ардагері» медалы, «Құрмет» белгісі орденімен марапатталған, аудандық VIII-IX-X партия ұйымының тексеру комиссияның мүшесі болып сайланған, ақ халатты абзал жанның халыққа сіңірген еңбегіне берілген баға, көрсетілген құрмет деп мақтан тұтамыз.

Қош бол, әріптесіміз Гульшат Калибековна, жатқан жеріңіз мамық, топырағыңыз торқа болып, жаныңыз жәннатта болсын, артында қалған ұрпақтарына ұзақ ғұмыр берсін, Сіз біздің мәңгі есіміздесіз.

Сағынышпен еске алушылар: «Ақтоғай ауданының аудандық аурухана» ұжымы.

Ақтоғай ауданының білім бөлімінің ұжымы және Ақтоғай аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы білім бөлімінің әдіскері Айбосынова Саулеге анасы **Айбосынова Нағима Садуақасқызының** қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, отбасыларына, туған-туыстарына көңіл айтады.

Құттықтаймыз!

**Асқар тау әкеміз
Сыздықов Амантай
Әкімбекұлы!**

Сізді мерейлі 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге көлдей терең көңіл, өзендей ұзақ өмір тілейміз. Отбасымыздың тірегі, қорғаушысы, ырыс-берекесі қуанышты күндеріңіз ешқашан таусылмасын. Алар асуыңыз көп болғай.

Еліңіздің, әріптестеріңіздің сыйлы азаматы болып жүре беріңіз. Алтыс – тал түс. Алда әлі талай асулар мен белес-беделдер бар. Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, денеңіздің саулығын, отбасының амандығын, қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз. Абыройыңыз асқақтай берсін дей отырып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз.

Асыл Әке, ардағы ұл - қызының,
Бәрін болжап жүретін алдағының.
Қамқорымыз Сіз келіп 60 жасқа,
Қуанып отырсыз гой бізді бүгін.
Анамыз Жанарменен қанаттасып,
Жүріңіз әр күн сайын алға басып.
Сіздерді мақтан етіп біз тұралық,
Мөлдір бұлақ суындай асып - тасып.
Жан Әке, құтты болсын 60 жасың,
Біз үшін ардақты гой алтын басың.
Немереден көріңіз шөберені,
Жыр алыбы Жамбылдың көріп жасын.
Ізгі тілекпен: жәубайы – Жанар, балалары.



**Құрметті Бақшагүл
Мәжікенқызы!**

Сізді зейнеткерлік жасқа толған мерей жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, бақытқа толы ғұмыр тілейміз. Балаларыңыздың, немерелеріңіздің ортасында, қызығы мен қуанышына тоймай, аман-есен жүріңіздер.

Бақ орнасын әрдайым басыңызға,
Жас қосылсын, Анадай, жасыңызға.
Отбасыңыз қуаныш сыйлап талай,
Амандықпен жетіңіз жүзге қарай.

**Ақ тілекпен: Зәуреш, Алия, Нүрзия, Гүлшат,
Мәргелді-Индира, Марғұлан-Сәулә, Бекзат-Мая,
Жанболат-Айзада.**



**Мектеп бітіруші Серік
Ерсұлтан Мейірбекұлы!**
Алтын ұя мектебіңмен қоштасып, үлкен өмірге жолдама алуыңмен құттықтаймыз. Аңсаған арман-мақсаттарыңа жетіп, өмірден өз орныңды табуыңа тілектеспіз. Ата-анаңның үмітін ақтап, еліңе, жеріңе қызмет етер азамат бол. Зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, думанды шақ тілейміз.

Ақ арманың тосып тұр-ау алда шын,
Кербез көңілің биіктерге самғасын.
Мына өмірде алып шығар өзіңді,
Еңбек, білім – қос қанатың талмасын.

Ақ ниетпен: Қазтай, Мурат-Бағдат, Болат-Бақша, Балқашбек-Алтынгүл, Нұрланбек-Гүлден, Сағынбек-Гүлшат, Гуля, Мадина, Гүлнұр, Ернұр-Маржан, Елдос-Нұрай.

Құттықтаймыз!

**Құрметті
Сағынбекова Меруерт
Мейірханқызы!**

Сізді 40 жасқа келген мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Бүгінде сізге денеңізге саулық, басыңызға бақ, отбасыңызға амандық тілейміз. Қажыр-қайратыңыз мықты болып,

өмірдің сан түрлі асуларынан сүрінбей өтіп, алар асу-биіктеріңіз көп болсын. Еңбекте жемісті болып, тәрбиелеген шәкірттеріңіз жақсы жетістіктерге қол жеткізіп еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз ақталсын.

Жаңа белес құтты болсын келіп жеткен,
Жадыратсын жаныңызды сұлу көктем.
Қырық жас берекелі болсын сізге,
Жақсылықтың жыр-әні нұрын төккен.

Ізгі тілекпен: жолдастары – Гүлден, Данияр-Арай, Алтай-Анар, Бақытбек-Әсем, Қобылан-Айнагүл, Мәулен-Камила, Нұрлан-Света.



**Құрметті
әріптесіміз Бақшагүл
Мәжікенқызы!**

Сізді зейнеткерлік жасқа толған мерейлі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге мықты денсаулық, отбасылық бақыт, қажымас қайрат тілейміз. Кентай ағамызбен бірге немерешөбере қызығына тоймай ғасыр жасаңыздар. Әркез

осы сыйлы, ақжарқын пейіліңізбен ортамызда, ағайын арасында жүріп, ғасыр жасаңыз.

Бәйтерексіз жапырағы жайқалған,
Барша жұртқа жақсылығы байқалған.
Аман болсын ұрпағыңыз көрінген,
Ән қалықтап, күй төгілсін төріңнен.
Жақсы тілек айтылады ақ ниетпен,
Бақытты күндер шықсын көкжиектен
Қуаныш тойға ұлассын бүгінгі той
Әріптестер құттықтаймыз шын жүректен
Ізгі тілекпен: «Ақтоғай – Су» ұжымы.



**Құрметті мектеп бітіруші жас түлектер
Марат Лаура Ернатқызы,
Молдашева Мөлдір Илиясқызы,
Дәкәрімова Ақмарал Елдосқызы,
Есенбай Ақбота Нұрланқызы,
Айжан Сүйіндікқызы,
Қуандық Ырысбек Серікболұлы,
Тиштық Дінмұхаммед Ерғазыұлы,
Серік Ерсұлтан Мейірбекұлы,
Бақдәулет Ислам Берікұлы,
Ақгүлім Рашидқызы!**

Үлкен өмірге қанат қағып барасыздар. Қанаттарың талмасын, биіктерге шырқаңдар. Жоғары оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітірулеріңе тілектеспіз. Таңдаған мамандықтарыңның мық-ты маманы, кәсіпқойы болыңдар. Мектеп өмірі артта қалды, алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте берулеріңді тілейміз.

Алтын ұя мектептің тұлпарлары, дүлдүлі,
Жұлдыздары жүректің жетілдіндер бұл күні.
Бірің хакім, ал бірің болыңыздар ғұлама,
Мың дауыспен сайраған, өмірдің бұлбұлы.

Ізгі тілекпен: Қанат –Нұрила.

**Құттықтаймыз!**

**Құрметті Бақшагүл
Сүлейменқызы!**

Сізді зейнеткерлік жасқа келген туған күніңізбен құттықтаймыз.

Сізге темірдей мықты денсаулық, мұқалмас ғұмыр, баянды бақыт тілейміз. Бала-шағалардың ортасында туған-туыс, дос-жарандарыңыздың ыстық ықыласына бөленіп, ұзақ

ғұмыр сүре беруіңізге тілектеспіз. Немерелердің ардақты әжесі болып өмірдің базарында бәйтеректей жайқалып, шаңырағыңыз шаттыққа тола берсін. Отбасыңыздың қорғаны Бөкеңмен бірге көркейіп, шөбере сүюге Алла нәсіп етсін.

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Әрқашан да биік төрде болыңыз.

**Ақ ниетпен: Қазтай, Мурат-Бағдат,
Балқашбек-Алтынгүл, Нұрланбек-Гүлден,
Мейірбек-Айнұр, Сағынбек-Гүлшат, Гуля,
Мадина, Гүлнұр, Ернұр-Маржан, Елдос-Нұрай.**



**Құрметті баламыз, ерке
бауырымыз Ерсұлтан
Мейірбекұлы!**

Саған ақ жол тілейміз! Үлкен өмірге қанат қағып барасың, қанатың талмасын, биіктерге самға. Ата-анаң мен бауырларыңның үкілеген үмітін ақтап, қалаған мамандық иесі болуыңа тілектеспіз. Тұлпарыңның тұяғы тозбай, сұңқарыңның қияғы талмай, биік белестерден көріне бер. Аңсаған арманыңа қол жеткізіп, қатарыңның алды бол.

Биік-биік арманмен қанаттандың,
Үлкен өмір жолына, ал, аттанғын.
Біз жүрейік есіміңді мақтан етіп,
Көзбен көріп, бәйшешек гүл атқанын.

**Ізгі тілекпен: ата-анаң Мейірбек-Айнұр,
бауырларың Ержан-Назира, Ақбота, Ерасыл**



**Аса құрметті
бауырымыз Серік
Ерсұлтан Мейірбекұлы!**

Сені мектеп бітіру салтанатыңмен құттықтаймыз. Үлкен өмірге қанат қағып барасың. Қанатың талмасын, биіктерді бағындыр. Жоғары оқу орнына оқуға түсіп, студенттік



дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітіруіңе тілектеспін. Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы бол. Мектеп өмірі артта қалды, алдыңда күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте беруіңді тілейміз.

Білімді басқа жастадың,
Ғылымды іздеп үңіліп.
Өмірге сапар бастадың,
Алдыңда күліп тұр үміт.

**Ізгі тілекпен құттықтаушылар: Оңғарбай
ата, Дәулет-Бибігүл, Нұргүл, Ерлан-Назгүл.**



Құттықтаймыз!

Құрметті ағамыз Қанат Кәріпбаев!

Сізді 70 жасқа толған мерейжасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Бүгінгі мерейтой – мереке ғана емес, бұл өміріңіздегі ең маңызды күндердің бірі. Сіздің артыңызда ұзақ ғұмыр қалды, бірақ өміріңіз осымен тоқтап қалмайды. Алдыңызда көптеген қызықты және қуанышты оқиғалар күтуде. Бұл мереке – өміріңіздегі ең қуанышты күндердің бірі болсын. Сіз кез-келген кедергілерден өте алатыңызға көзіміз жетті. Барлық армандарыңыз бен жоспарларыңыз орындалсын. Достарыңыз бен туыстарыңыздың шеңбері кеңейіп, үйден бақыт кетпесін. 100 жасаңыз.

Балалардың арасында жүріңіз, Шаттық нардаң айықпасын жүзіңіз.

Тілек еттік шын жүректен бәріміз, Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз.

Ігі тілекпен: Кінар, Қайрат-Торғын, Сағат, Асхат-Ақмарал, Терілік, Аяулым, Бекзат, Ализа.



Құттықтаймыз!

Қадірлі асыл анамыз **Аманкүл Мұқсиықызын** мерейлі 70 жасқа толған туған күніңізбен құттықтаймыз.

Ана – әлемнің шамиырағы, бесіктің иесі, өмірдің керегесі. 70-тің төрінен, 100 жастың жиегінен көріңіз, абзал Ана. Ендігі көрер күніңіз көктемнің көгілдір күніндей шуақты болсын. Мейірім шашиқан нұрлы жүзіңізді мұң шалмасын, көңіліңізге ешқашан кірбін түспесін. Немерелеріңіздің қызығына батып, шөберелеріңіздің қолынан су ішіп, шөпшек көруді нәсіп етсін. Лайым, ортамызда ұлағатты ұйытқысы болып, денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз шуақты болсын. Ұрпақтарыңыздың қызығы мен қуанышын көруге жазсын.

Балалары: Амангазы-Дария, Нұржан-Алия, Нұржан-Алтынай, Арман-Ақерке, немерелері, жиен-шөберелері.



Құрметті анамыз

Бақиагул Мәжікенқызы!

Сізді келіп жеткен зейнеткерлік жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Бар жақсысын бізге беріп, аялы алақанымен мәпелеген анамызға жүрегіміздің түкпірінде әрдайым сақтап жүретін ыстық махаббатымызды сөзбен жеткізгіміз келеді. Бізді аялап, осы күнге жеткізу үшін талай ұйқысыз да күлкісіз түндерді өткізгеніңізді білеміз. Әр атқан таңымызды сізге алғыс айтудан бастаудан жалықпаймыз. Айналаңыз қуаныш пен шаттыққа, бақыт пен табысқа, шат күлкі мен махаббатқа, мейірім мен қамқорлыққа толсын. Әр сәт сізге тек бақыт пен қуаныш сыйласын. Құдай сіз бен әкемізге алдағы уақытта тек бақытты күндерді жазсын.

Өмірдің әр қырынан іздеп арай, Бақыт құсы самғасын Сізге қарай. Алтыстың асуынан еркін асып, Сәтті қадам басыңыз жүзге қарай.

Ігі ниетпен: балалары–Нүрсейіт-Айжан, Дидар-Арайлым, осы тілекке әкеміз Кеңтай да қосылады.



Құттықтаймыз!

Құрметті көріміз Төлепбеков Төлұхан!

Сізді келіп жеткен жасқа толған мерейжасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Ғұмырыңыз Тәңірдің шапағаты төгіліп ұзақ болғай. Денсаулығыңыз мықты болып, шаңырағыңыз шаттыққа кенелсін. Тағдырдың тартқан сыйы–ордалы отбасыңызда тамырын тереңге жайған бәйтеректей Ырысжан екеуіңіз балаларыңыздың жақсылықтарына куә болып, тілжүлес жандардың арасында беделіңіз артып, ырыс-несібеңіз молая берсін.

Жанұядан кетпесін асыл арай, Көгіңізде ойнасын шаттық шырай.

Ұрпақтарың өсіп-өнген, аман болып, Армандардан орнатсын алтын сарай.

Тілек білдірушілер: Ырзық, Қабдолла-Шәмшібану, Байзақ, Барқыт, Түсіпбай-Айтжан, Өрік, Бейбіт-Бақытгүл, Файни, Бауыржан-Шайзат, Фибрат-Панар, Носер-Айгүл, Нұрғазы-Салтанат, Нұртай-Сандуғаш, Талғат-Жанар, Асхат-Жансая, Дәурен-Жазира, Айжан, Алмас-Ажар, Айнұр.



Құрметті Оразов Қанат Оразұлы!

Сізді келіп жеткен 70 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз.

Осы туған күніңізде тәңірдің шапағаты төгіліп, ғұмырыңыз салтанатты болғай. Тағдырдың тартқан сыйы ордалы отбасыңызда тамырын тереңге жайған бәйтеректей Дина екеуіңіз немере-шөберелердің жақ-

сылықтарына куә болыңыздар. Сізге мықты денсаулық, қажымас қайрат, мол бақыт тілейміз. Әлі талай мерейлі жастарды еңсеріп, сәт сайын қызық-қуанышқа кенеле беріңіз.

Бұл 70 жас – қарттық жас емес, қазына жас, Бала мен немеренің назына мас.

Біз сізге бақ тілейміз ортаймайтын, Басыңыздан ешқашан ажырамас.

Тілек білдірушілер: сыныптас достарың – Құрал-Несіпбала, Батима, Қуаныш-Құндыз, Марат-Шайза, Дания, Өрік-Қарлығаш, Самат-Гүл



Құрметті көріміз **Оразұлы Қанатты** 70 жасқа толған мерейжасымен шын жүректен құттықтаймыз.

Осы мерейлі күнде сізге сарқылмайтын денсаулық, таусылмайтын бақыт тілейміз. Өмір деген үлкен белестің тайғақ жерінен таймай, сулы жеріне батпай, отты жеріне жанбай, соқпағына соқтықпай көздеген арман-тілектеріңізге жұбайыңыз

Дина екеуіңіз жете беріңіз. Өзеннің ағысындай, тұлпардың шабысындай, толқынның жарысындай өтіп жатқан әр жылыңыз жақсылыққа толы болсын. Ашып өмір есігін нұрланды күн,

Шауы шашиштық сол үшін жырдаң бүгін.

Өзіңе де өзеге да шуақ сыйлар,

Құтты болсын 70 жас туған күнің.

Ақ ниетпен: көрісіндеріңіз–Саттар-Айтгүл, Болат-Бүлбүл, Мейрам-Сақыпжамал,

Нұрлан-Айгүл, Саят-Жанат, Ардақ,

Қуаныш-Мамық, Қайыр, Мұратбек-Бақша,

Қуандық-Бибігүл, Төлеген-Гауһар, Тимка-Айнаш.



Құрметті бауырымыз **Жақыпбекова Мейрамгүл Сүлейменқызын** 60 жасқа толған мерейжасымен құттықтаймыз. Тек қана туған күнінде емес, әр күн сайын біз саған шын жүректен әлемнің бар асылын, жақсылығын, қуанышын, байлығын тілейміз. Ақ қанат армандарың биікке самғап, өміріңнің көгінен орын ала берсін. Шынайы

бақыт иесі болуыңа тілектеспіз. Мықты денсаулық, зор бақыт, қажымас қайрат тілейміз. Еңбекте табыстан табысқа жетіп, алдағы мақсатың мен аңсаған арманыңа жете бер. Жыл сайын ағайын-туыс, бауырлар жиналып туған күніңді тойлай беруге жазсын.

60 жас мерейтойың құтты болсын, Дос-жаранмен әрқашан орта толсын. 70, 80, 90 мен 100-ге жетіп, Басыңызға Қызырдың бағы қонсын.

Ақ тілекпен: Жақыпбековтер әулеті.



Құрметті Жақыпбекова Мейрамгүл Сүлейменқызы!

Сізді 60 жасқа келген туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жсалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Отбасыңыздан ынтымақ,

басыңыздан бақ таймасын. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз.

Қызғалдақтай жайнай берсін өмірің,

Судай толып көтерілсін көңілің.

Ешқашанда көңіліңді кір шалмай,

Бақытты да ұзақ болсын өмірің.

Ігі тілекпен: Болат-Күміс, Коля-Зәмза,

Қайрат-Раушан, Болат-Бақша, Тілеуке-Гүлнар,

Асқар, Төлж, Мейіркүл, Дана, Маржан.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Актоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 850 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Актоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.